

**«Общественная позиция»
(проект «DAT» № 06 (43) от 10 февраля 2010 г.**

АПТА ТЫНЫСЫ

**ҰЛТ ПАТРИОТТАРЫ
президенттен ел бірлігі доктринасын
ҚАБЫЛДАУДЫ СҰРАЙДЫ**

Ұлттық патриоттар қозғалысының көшбасшылары мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа ашық хат жолдап, «ел бірлігі» доктринасынан бас тартып, ұлттық саясат тұжырымдамасының оппозиция әзірлеген балама нұсқасын заң бойынша бекітілген құжат ретінде қабылдауды» ұсынады, – деп хабарлайды ҚазТАГ.

«Бұл құжаттың негізі, біріншіден, қазақ ұлтын мемлекет құрушы ұлт ретінде мойындау, «қазақстандық ұлт» идеясынан бас тарту, республиканың барлық халқын қазақ ұлтының туының астына топтастыру, қазақ тілінің деңгейін мемлекеттік деңгейге дейін көтеру және оны барлық этностарды біріктіру факторына айналдыру болып табылады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының атын Қазақ Республикасы етіп өзгерту», – делінген дүйсенбі күні ҚР президентінің атына жолданған ашық хатта.

Одан басқа, авторлардың бағалауынша, бұл құжатта «елдегі тыныштық пен тәртіпті сақтай отырып, ұлттық саясатты қалай жүргізуге болатындығы туралы егжей-тегжейлі және анық айтылады». Сондықтан «ел бірлігі» доктринасынан бас тартып және ол құжаттың орнына «Ұлттық саясат тұжырымдамасын» заң бойынша бекітілген құжат ретінде қабылдауды сұраймыз», – дейді ұлттық патриоттар.

Сайлауға сайлану

**ЖАҒАНОВА
«ЖАСЫЛҒА» АЙНАЛДЫ**

Бұған дейін бары-жоғы белгісіз «Руханият» партиясының серкеші Алтыншаш Жағанова бұдан былай өзінің партиясы «жасылдар» партиясына айналатынын хабарлады, – дейді ҚазТАГ агенттігі. «Жуықта өтетін партияның құрылтайында «Жан экологиясы» деп аталатын жаңа бағдарлама ұсынылады. Онда қазіргі Қазақстандағы ең елеулі экологиялық мәселелер қамтылады», – дейді Алтыншаш Жағанова.

Елдегі рухани дүниені «оңдырып тастаған» партияның жетекшісі «еуропалық жасылдар» партиясының ұстанымдарына: демократияны дамытуға, әлеуметтік әділеттілікке, т.б. адами құндылықтарға тәнті болатындарын айтты. «Осындай идеяның аясына бүкіл әлемнің жасылдары біріккен. Бұл қазақстандықтар үшін де ұлтына, діни нанымына, әлеуметтік тұлғасына және саяси көзқарасына қарамай, бірігу факторы бола алады», – дейді «жасылға» айналатын Жағанова. Естеріңізге сала кетейік, біздің елде «Табиғат» экоодағы бар. Бір қызығы, осыдан бірнеше күн бұрын одақ төрағасы Мелс Елеусізовті ел президенті Ақ ордада қабылдаған еді. Ал арада екі-үш күн өтпей, Жағанова «жасылға» айналатынын мәлім етті. Бұл қитұрқы ойындардың астарынан кезекті сайлау науқанының құлағы қылтимамай ма екен?

«D»